

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.04.2016 ж.

Қостанай қаласы

№ 001

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «СБВ-2012» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 14 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 10 наурыздағы «СБВ-2012» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Ирина Ивановна Гавриленко «СБВ-2012» ЖШС-ның (БСН 121040016387) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.
2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес И.И. Гавриленкоға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.
3. Банкроттық басқарушы И.И. Гавриленко «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев